

«АйКүн» бөбекжай балабақшасы

«Әкем және мен»

Тәрбиеші: Тышимова.А.Т

Әкем, және мен, отбасылық эстафеталық сайыс.

Спорттық шараның атауы: «Әкем, анам және мен» отбасылық эстафеталық сайыс.

Мақсаты: Спорттық сайыс жарысын ұйымдастыру арқылы әкелерін балабақша өміріне араластыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Жас ұрпаққа және ата - аналарға денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүруге қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Спортқа деген қызығушылығын арттыру, отбасының үндестікті және балалардың икемділігін, шапшаңдылығын, достыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Доптар, ленталар, фитбол, қарлар, үй жануарлар, жіптер, қапшық.

Жүру барысы: Береке де осында,

Мерекеде осында

Болып жатыр той думан

Балабақша бағында

Көңіл қойып қараңыз

Жалындап тұр балаңыз

Қатысатын топтарды

Қол соғып қарсы аламыз

(Сайысқа қатысушы ата - аналар балалармен саппен жүріп келіп, қатарға тұрады)

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата - аналар, тәрбиешілер және балалар. Бүгін біздің балабақшада үлкен мереке, біздің балаларымыздың ата - аналар арасында спорттық сайыс. Сайысқа қатысушы ата - аналар «Әкем, анам және мен» атты көңілді сайысқа қош келдіңіздер!

(Ортада ән ұран ойналады)

Өнер қуып өтер дейміз

Бір баспен өнері жетер дейміз

Сайысқа келген отбасы кезектесіп

Таныстырып өздерін кетер дейміз - дей отырып кезекті таныстыруға берейік.

Әр Әке мен бала өзің аты жөнін таныстырып кетеді

«Кім жылдам»: Әр отбасылы топқа доп беріледі, кедергілер арқылы баласы жүгіріп, мәреден айналып келіп, жүгіріп орнына тұрады

Бәйге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма

Білім мен өнер жараспай

Сайыстың мәні бола ма - деп келесі сайысымыз

«Балық аулау»: Баласы допты лақтырады, әкесі қағып алу керек.

«Ептілік»: Әкесі мен баласы шарды жерге түсірмей, жоғары лақтырып, қағып алу.

Аздық етер онында

Жету үшін мұратқа

«Кім шапшаң»: Әкелері ауыздарына таяқша салып, стаканды таяқша арқылы алып келесі

адамға беру.

«Кім күшті»: Ал қадірлі халайық
Зердемізді салайық
Белімізді буып алып, бекініп
Күшімізді сынайық - дей отырып, келесі сайысымыз баланы үстіне қойып отджемание
жасау, әкелер сайысады.

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден
Жеңімпазды анықтау
Жеңімпаз болу шарты сол
Еңбектену, жалықпау
Біреу озса, сайыста
Біреу артта қалады
Жеңілгендер ренжімей
Тараса бізге жарады - дей отырып, бүгінгі «Әкем, және мен» отбасылық сайыс аяқталды,
сайсқа қатысқан Әкелерге мың алғыс, сау болыңыздар.

